

Қазақстан Республикасы
Көлік министрлігінің
Автомобиль жолдары комитеті
Төрағасының
«__» _____ 20__ жылғы №__
бұйрығына 1 қосымша

Қазақстан Республикасы
индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігінің
Автомобиль жолдары комитеті
Төрағасының
«8» маусым 2023 жылғы № 58
бұйрығына қосымша

Техникалық кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық кеңес туралы ереже Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына, салалық бағдарламаларға және Қазақстан Республикасының ғылым, автомобиль жолдары саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «ҚазжолҒЗИ» акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Техникалық кеңес – салалық ұйымдардың алқалы ұйымы, оның қызметі – жаңа технологиялар мен материалдарды, машиналар мен механизмдерді тәжірибелік-эксперименттік енгізу және игеру мәселелерін қарастыру, сондай-ақ оларды жол құрылысы материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасына енгізу.

3. Техникалық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

2-тарау. Техникалық кеңестің қызметін ұйымдастыру

1. Техникалық кеңестің құрамына салада кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар (өндірістік, ғылыми-техникалық) кемінде 19 (он тоғыз) мүше кіреді.

Техникалық кеңестің құрамы:

- Төраға;
- Төраға орынбасары;

- Хатшы;
- «ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамының 2 (екі) қызметкері;
- «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан 2 (екі) қызметкер;
- «ҚазжолҒЗИ» акционерлік қоғамының 2 (екі) қызметкері;
- мердігер ұйымның 2 (екі) қызметкері;
- жобалау ұйымының 2 (екі) қызметкері;
- Қазақстан жолшылар қауымдастығының 2 (екі) қызметкері;
- 2 (екі) тәуелсіз сарапшы;
- техникалық қадағалаудың 2 (екі) сарапшысы.

2. Техникалық кеңестің тұрақты құрамы, өзгерістер, кеңес төрағасы, төраға орынбасары және хатшысы Автомобиль жолдары комитеті төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

3. Техникалық кеңестің тұрақты мүшелері талқылау кезеңінде қарауға ұсынылған жаңа технологиялар мен материалдар, машиналар мен механизмдер саласында құзыретті тәуелсіз сарапшыларды тарта алады.

4. Техникалық кеңестің уақытша және тұрақты мүшелері болып жаңа технологияларды жеткізушілер, сондай-ақ жеткізушімен немесе оның өкілдерімен үлестес тұлғалар тағайындалмайды.

5. Техникалық кеңестің тұрақты мүшесі дәлелсіз себептермен үш реттен артық болмаған жағдайда, Техникалық кеңестің осы мүшесінің кандидатурасы төрағаның келісімі бойынша алынып тасталады. Техникалық кеңеспен келісім бойынша техникалық кеңестің жаңа мүшесі тағайындалады және бұйрықпен бекітіледі.

3-тарау. Техникалық кеңестің міндеті

3.1 Техникалық кеңестің міндеті:

1) инновациялық (жаңа) технологиялар мен материалдарды, машиналар мен механизмдерді, техникалық жол қауіпсіздік қозғалысы (бұдан әрі – ЖҚК) құралдарын жеткізушілерден хаттарды, құжаттарды және презентацияларды қабылдау;

2) автомобиль саласында инновациялық (жаңа) технологиялар мен материалдарды қолдануды қарастыру;

3) ұсынылатын инновациялық (жаңа) технологиялар мен материалды талдау және бағалау;

4) жаңа материалдар мен технологияларды енгізу арқылы тиімділікті арттыру мақсатында автожол саласын инновациялық дамытудың басым бағыттарын айқындау;

5) техникалық кеңестің уақытша мүшелерін, техникалық кеңестің өткізілетін күнін тағайындау;

б) ұсынылған ақпаратты тексеру және талдау үшін техникалық кеңес мүшелері қатарынан комиссия (бұдан әрі – техникалық кеңес комиссиясы) құру;

7) тәжірибелік-эксперименттік учаскеге мониторинг жүргізу мерзімдерін айқындау;

8) технологияларды мәртебесі бойынша жіктеу (жасыл, сары, сұр, көк);

9) техникалық кеңестің хаттамалық шешімін қабылдау;

10) инновациялық (жаңа) технологиялар мен материалдарға қатысты өзге де мәселелерді қарастыру.

3.2 Техникалық кеңес Төрағасының қызметі:

1) техникалық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) техникалық кеңестің жұмыс жоспарын бекітуге енгізеді;

3) техникалық кеңес отырыстарының күн тәртібін бекітеді;

4) техникалық кеңестің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

5) Өткізілген отырыстардың қорытындысы бойынша Техникалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын бекітеді, отырыс хаттамаларына қол қояды.

3.3 Техникалық кеңес төрағасының орынбасарының қызметі:

1) техникалық кеңес төрағасы болмаған жағдайда техникалық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асырады, төрағаның өкілеттіктерімен отырыстарда төрағалық етеді;

2) техникалық кеңестің жұмысын жедел басқаруды жүзеге асырады.

3.4 Техникалық кеңес хатшысының қызметі:

1) техникалық кеңестің құрамын қалыптастыруға және жұмысқа қажетті бейіндегі мамандарды тартуға байланысты іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) техникалық кеңес іс-шараларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді, оның ішінде:

– техникалық кеңестің қарауына енгізілген материалдарды алдын ала тексеруді жүзеге асырады;

– техникалық кеңес отырыстарының күн тәртібін келісуді қамтамасыз етеді;

– техникалық кеңестің іс-шараларына қатысуға шақырылатын адамдардың тізімін қалыптастырады, оның келісілуін және бекітілуін қамтамасыз етеді;

– техникалық кеңес мүшелерін алдағы отырыс туралы хабардар етуді жүзеге асырады, оның ішінде қажетті материалдарды таратуды жүзеге асырады;

– техникалық кеңестің отырысына қатысуы орынды деп танылған бөгде ұйымдардың өкілдеріне шақыруларды таратуды жүзеге асырады;

– қатысушыларды алдын ала тіркеуді ұйымдастырады;

– техникалық кеңес отырыстарының, оның ішінде сараптамалық кездесулер форматында өткізілетін іс-шаралардың аудиожазбасын және хаттамасын ұйымдастырады;

– сараптамалық кездесулердің хаттамалары мен қорытынды мәліметтерді дайындауды, келісуді, ресімдеуді және қол қоюды жүзеге асырады;

– сараптамалық кездесулердің хаттамалары мен қорытынды материалдарын таратуды жүзеге асырады.

3.5 Техникалық кеңес мүшелерінің қызметі:

1) төраға айқындаған міндеттерді шешуге және техникалық кеңеске жүктелген функцияларды іске асыруға байланысты ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысады.

4-тарау. Жаңа технологиялар мен материалдарды тізілімге енгізу туралы ереже

Жаңа технологиялар мен материалдарды тізілімге енгізу үшін жеткізуші электрондық өтінім беріп, 1-кестеге сәйкес келесі рәсімдерден өтуі қажет. Жаңа технологиялар мен материалдар тізілімде келесі мәртебелері бойынша (құжаттардың толықтығына қарай) жіктеледі:

- «Жасыл» мәртебесі (апробацияланған) - инновациялық және жаңа технологиялар тізіліміне енгізілді, жобалау-сметалық құжаттамаға енгізуге ұсынылды;

*ескертпе: жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде технологиялық карта, техникалық-экономикалық негіздеме және мемлекеттік сараптамамен мақұлданған мониторинг қорытындысы болған кезде.

- «Көк» мәртебесі (қайта қарау) - тәжірибелік телім бойынша қорытынды есеп (ғылыми-техникалық сүйемелдеу және мониторинг қорытындысы) бар, бірақ жаңа технологиялар тізіліміне енгізу үшін техникалық кеңестің дауыс беруінің ең төменгі шегінен өтпеген. Алайда, техникалық кеңестің дауыс беруінен өтпеген өтініш берушілердің ұсынылатын өнімге қосымша ақпарат бере отырып, қайта дауыс беру мүмкіндігі бар;

- «Сары» мәртебесі (апробациялану сатысында) - аккредиттелген зертханадан зертханалық қорытынды бар, тәжірибелік телім бөлінді, ғылыми-техникалық сүйемелдеуден және тәжірибелік телім мониторингтен өту үдерісінде;

- «Сұр» мәртебесі (апробацияланбаған) - аккредиттелген зертхананың қорытындысы бар, тәжірибе телімді бөлу сатысында.

1-кесте. Тізілімге жаңа технологиялар мен материалдарды енгізу рәсімдері

Кезеңдер	Жаңа материалдар мен технологиялар	ЖҚ техникалық құралдары
<p>1. Зертханалық жағдайда Қазақстан Республикасы климаттық жағдайларын ескере отырып, жергілікті материалдардың физика-механикалық зерттеулері жүргізіледі. Ұқсас технологиялар мен материалдар болған жағдайда зертханалық жағдайда сапаны растау қажет. Ол үшін мыналарды қамтамасыз ету қажет: қауіпсіздік паспорты, өндірушіден ұйым стандарты (қолдану жөніндегі нұсқаулық), санитарлы-эпидемиялық қорытындысы, сәйкестік сертификаты, аккредиттелген зертхананың сынақ хаттамасы, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздеме</p>	Талап етіледі	Талап етіледі
<p>2. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды (бұдан әрі - ТӘЖ) жүргізу жоспарын әзірлеу және оны техникалық кеңестің келісуіне шығару. *ТӘЖ жаңа технологиялар мен материалдарды (апробация саласы (Қазақстан Республикасының өңірі), апробация көлемі (геометриялық параметрлерді қоса алғанда) жедел енгізу, мердігерлік ұйымды жарақтандыру және оның тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу жоспарына сәйкестігі үшін салалық ұйымдардың өзара іс-қимылы үшін қажет</p>	Талап етіледі	Талап етілмейді
<p>3. Хаттамалық шешіммен жаңа материалдар мен</p>	Талап етіледі	Талап етілмейді

<p>технологияларды енгізудің орындылығын одан әрі қарау үшін техникалық кеңестің 1-ші отырысын өткізу. Ол үшін жеткізуші 1 және 2 тармақтарға сәйкес құжаттар пакетін ұсынуы керек</p>		
<p>4. Әртүрлі климаттық жағдайларда материал мен технологияларды қолдану ерекшеліктерін ескере отырып, тәжірибелік-эксперименттік учаскелерге ғылыми-техникалық сүйемелдеу және мониторинг жүргізу. * Олардың қорытындылары бойынша апробация мен мониторингтің тиісті актілері, аралық есептер және қандай да бір инновациялық өнімді қолданудың тиімділігі мен орындылығының қорытынды қорытындылары жасалады</p>	Талап етіледі	Талап етіледі
<p>5. Сәйкес реттеуші нормативтік-техникалық құжаттардың болмауы жағдайында, қарастырылып отырған инновациялық өнім үшін технологиялық қартамен бірге салааралық нормативтік құжатты ұсынымдық сипатта әзірлеу</p>	Талап етіледі	Талап етіледі
<p>6. Толық растайтын құжаттар пакетін (1-кестеге сәйкес 3 және 4-тармақтар) қарастыру және оларды тізілімге енгізу жөнінде Техникалық кеңестің 2-ші отырысында онлайн дауыс беру нәтижелеріне негізделген ұжымдық хаттамалық шешім қабылдау (Шекті деңгей – 50%-дан жоғары, Техникалық кеңесте дауыс беруге кемінде 11 адамның қатысуы қажет, олай болмаған</p>	Талап етіледі	Талап етілмейді

жағдайда дауыс беру өткізілмеді деп есептеледі), өнім жаңа технологиялар тізіліміне енгізіледі және мәртебелері бойынша жіктеледі		
7. Оңды хаттамалық шешімге негізделе отырып, «Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялар» бірыңғай электрондық базасына енгізу жүргізіледі	Талап етіледі	Талап етіледі

Согласовано

05.11.2024 16:45 Канатова Жанагуль Канатовна

Подписано

05.11.2024 17:09 Габдуллина А. М. ((и.о Абдуллин Т. Т.))



КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ - САМАМБЕТОВ Н. Т.